

**Байхожаева Гулжаухар Мажитовнаның
6D011300- «Биология» мамандығы бойынша
философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін «Болашақ биолог
мұғалімдерге биоалуантүрлілікті оқытудың ғылыми-әдістемелік
негіздері (Қызылорда облысы материалдарының негізінде)»
тақырыбындағы диссертациясына**

АНДАТПА

Зерттеу тақырыбы: Болашақ биолог мұғалімдерге биоалуантүрлілікті оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері (Қызылорда облысы материалдарының негізінде)

Зерттеу мақсаты: болашақ биолог мұғалімдерге биоалуантүрлілікті Қызылорда облысы материалдарының негізінде оқытуды теориялық тұрғыдан негіздеу және ғылыми-әдістемелік жағынан қамтамасыз ету, тәжірибелік-эксперименттік жұмыс барысында сынақтан өткізу.

Зерттеу міндеттері:

1. Болашақ биолог мұғалімдерге Қызылорда облысындағы биоалуантүрлілікті оқытуды теориялық және практикалық тұрғыдан талдау;
2. Биоалуантүрлілікті Қызылорда облысы материалдары мысалында оқытудың құрылымдық-мазмұндық моделін жасау;
3. Қызылорда облысының биоалуантүрлілігін оқытудың мазмұндық модульдерін айқындау;
4. Биоалуантүрлілікті оқытуға арналған оқу-әдістемелік материалдарды әзірлеу, тиімділігін тәжірибелік-эксперименттік жұмыс барысында тексеру, әдістемелік ұсыныстар даярлау.

Зерттеу әдістері:

теориялық: педагогикалық, ғылыми-әдістемелік дереккөздерге, биоалуантүрлілік мәселелеріне арналған әдебиеттерге талдау жасау, нормативтік құжаттарды зерделеу, зерттеудің негізгі анықтамаларына ұғымдық- терминологиялық талдау жүргізу, модельдеу;

эмпирикалық: тәжірибелік - эксперименттік жұмыс жүргізу, сауалнама алу және білім алушылардың жұмыстарын талдау;

математикалық және статистикалық әдістер: тәжірибелік-эксперименттік жұмыс нәтижелерін сандық және сапалық өңдеу.

Қорғауға ұсынылатын негізгі ережелер (дәлелденген ғылыми гипотезалар және жаңа білім болып табылатын басқа тұжырымдар):

1. Болашақ биолог мұғалімдерді педагогикалық ЖОО кәсіби - педагогикалық даярлау аясында биоалуантүрлілікті оқытудың (Қызылорда облысы материалдарының негізінде) қажеттілігі білім беру парадигмасындағы өзгерістерге, мұғалімнің кәсіби құзыретінің артуына, биологияны оқытудың теориясы мен практикасындағы байланыстың артуына септігін тигізеді.

2. Биоалуантүрлілікті Қызылорда облысы материалдары мысалында оқытудың құрылымдық-мазмұндық моделі болашақ маман дайындықтарының әдістемелік - теориялық және әдістемелік-практикалық түрлерінің интеграциясы құрылымдық (мақсаты, мазмұны, нысаны, әдістері)

функционалдық (гностикалық, жобалау, ұйымдастырушылық, диагностикалық) компоненттерінің үйлесуіне және олардың экологиялық-өлкетану жүйесінде көрініс табуына негіз болады.

3. Болашақ биолог мұғалімдерді биоалуантүрлілікті оқыту мақсатында (Қызылорда облысы материалдарының негізінде) арнайы жасалған модульдік жүйе: яғни, мазмұн, әдістер мен ұйымдастыру формалары кәсіби және жүйелік тәсілдерді үйлестіру ұстанымдарына сәйкес келеді, ол білім алушылардың іс-әрекеттерді игеруін қамтамасыз етеді.

4. Болашақ биолог мұғалімдерге биоалуантүрлілікті оқытудың оқу-әдістемелік материалдарын әзірлеу:

- болашақ мамандарды биоалуантүрлілікті оқытудағы ғылыми-әдістемелік іс-шараларды кәсіби тұрғыдан үйлестіруге;

- биоалуантүрлілікті оқыту бағытындағы міндеттер мен тапсырмалар жүйесін әзірлеуге;

- Қызылорда облысындағы биоалуантүрлілікті оқыту білім алаушылардың жергілікті жердің оқу материалдарын танып білу мен оларға диагностика жасау әдістерін үйлесімді пайдалануға мүмкіндік береді.

Зерттеудің негізгі нәтижелері: зерттеу тақырыбы бойынша философиялық, психологиялық-педагогикалық және оқу-әдістемелік әдебиеттерге жасалған жан-жақты талдауымен; зерттеу нәтижелері әдіснамалық тұғырларға сүйеніп, айқындалған теориялық дәйектілігімен; зерттеу кезеңдерінің міндеттеріне сәйкес және бірін-бірі толықтыратын ғылыми-педагогикалық әдістер кешенінің қолданылуымен; болашақ биолог мұғалімдерге биоалуантүрлілікті оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздерінің (Қызылорда облысы материалдарының негізінде) тиімділігі тәжірибелік-эксперименттік жұмыс барысында тексеріліп дәлелденуімен сипатталады.

1) болашақ биолог мұғалімдерге биоалуантүрлілікті оқытуда Қызылорда облысындағы әртүрлілікті сақтау теориялық және практикалық тұрғыдан талданды;

2) болашақ биолог мұғалімдерге биоалуантүрлілікті Қызылорда облысы материалдарының негізінде оқытудың құрылымдық-мазмұндық моделі жасалды;

3) Қызылорда облысының биоалуантүрлілігін оқытудың мазмұндық модульдері айқындалды;

4) Қазақ тілінде «Биоалуантүрлілік негіздері (Қызылорда облысы материалдары негізінде)» оқу құралы мен «Қазақстан биоресурстары» элективті курсының бағдарламасы әзірленіп оқыту үдерісіне ендірілді.

Алынған нәтижелердің жаңалығы мен маңыздылығының негіздемесі:

бірінші нәтиженің жаңалығы – зерттеу мәселесіне қатысты философиялық, педагогикалық, психологиялық ғылыми еңбектерге, диссертациялық жұмыстарға және Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі бекіткен нормативтік құжаттарға талдау жасалып, диссертациялық жұмыста болашақ биолог мұғалімдерге биоалуантүрлілікті оқытуда Қызылорда облысындағы фаунаның әртүрлілігін сақтау теориялық және практикалық тұрғыдан талданды, биоалуантүрлілікті оқытудың

ғылыми-әдістемелік жүйесі жасалды;

екінші нәтиженің жаңалығы – болашақ биолог мұғалімдерге биоалуантүрлілікті оқытудың теориялық сипаттамасы. Алынған нәтижелердің маңыздылығы болашақ биолог мұғалімдерге биоалуантүрлілікті Қызылорда облысы материалдарының негізінде оқытудың құрылымдық-мазмұндық моделін негіздеуге мүмкіндік берді, әдістемелік орындау моделі әзірленді, болашақ биология мұғалімдері үшін қолдану мүмкіндіктері қарастырылды;

үшінші нәтиженің жаңалығы - Қызылорда облысының биоалуантүрлілігін оқыту мәселелері бойынша мазмұндық модульдері, мотивациялық, мазмұндық, іс-әрекеттік компоненттері, деңгейлері және олардың қалыптасу өлшемдері анықталды;

төртінші нәтиженің жаңалығы – болашақ биолог мұғалімдерге биоалуантүрлілікті оқытудың ғылыми-әдістемесінің (Қызылорда облысы материалдарының негізінде) нәтижесінде қазақ тілінде «Биоалуантүрлілік» оқу құралы және «Қазақстан биоресурстары» элективті курсының бағдарламасы әзірленіп оқыту үдерісіне ендірілді.

Алынған нәтижелердің *маңыздылығы* университеттің биолог мамандарын даярлау мақсатындағы 6B01517-Биология, 7M01517-Биология, 8D01517-Биология білім бағдарламаларына сәйкес білім алушыларға, сонымен қатар мектеп мұғалімдеріне, әдіскерлерге, білім беру жүйесінің қызметкерлеріне арналып даярланған оқу үдерісінде көмекші құрал ретінде пайдалану ұсынылды, тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың анықтаушы, қалыптастырушы, бақылау кезеңдері жүргізілді. Алынған нәтижелердің маңыздылығы тәжірибелік-эксперименттің нәтижелері талданып, нақтыланды.

Ғылымның даму бағыттарына және мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі. Зерттеу жұмысының негізгі Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңы, Қазақстан Республикасының Жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары, «Педагогтің кәсіби стандарты», ҚР «Педагог мәртебесі туралы» Заңы, Қазақстан Республикасының 2021 жылғы 2 қаңтардағы № 400-VI ҚРЗ Экологиялық Кодексі, ҚР мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына арналған жыл сайынғы Жолдаулары, сонымен қатар, Қазақстан Республикасында экологиялық білім беру мемлекет тарапынан қабылданған нормативтік құжаттар мен мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес келеді.

Докторанттың әрбір басылымды дайындауға қосқан үлесін сипаттау (диссертация авторының үлесі жалпы мәтіннен пайызбен көрсетіледі)

Барлық жарияланымдар зерттеу барысында дайындалған.

1. Scientific and methodological foundations in the process of training future biology teachers. Cypriot Journal of Educational Sciences, Volume 17, Issue 9, (2022) 2999-3011 <https://un-pub.eu/ojs/index.php/cjes/> Процентиль-36 (Авторлық бірлестікте Ibadullayeva Saltanat Zharylkasynovna, Toktaganova Gulzhas, Kozhamzharova Balum Seydakhmetovna, Ibragimov Talgat Saduakasovich, Zhandavletova Raikhan. Докторанттың жарияланымды дайындауға қосқан үлесі 75%) (Scopus). Мақалада болашақ биолог мұғалімдерге биоалуантүрлілікті оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері

берілді. Зерттеу мәліметтерін талдауда сипаттамалық талдау әдісі қолданылды.

2. Қызылорда облысы биалуантүрлілігінің құрылымы мен өзгеру жағдайы. Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университетінің Хабаршы «Ғылыми журнал» Семей №3 (87) 2019, ISSN 1607-2774. (Авторлық бірлестікте Ибадуллаева С.Ж., Жандавлетова Р.Б., Ауезова Н.С). Мақалада Қызылорда облысы биалуантүрлілігінің құрылым мен өзгеру жағдайларына талдау жасалынған.

3. Экологизация – қазіргі педагогикалық білімді дамытудың басты тенденсі. Торайғыров университетінің Хабаршысы. Педагогикалық сериясы, ISSN 2710-2661, №3 2021, (Авторлық бірлестікте Құрманбаев Р.Х., Жандавлетова Р.Б. Мақалада жаратылыстану пәндері мазмұнындағы қазіргі педагогикалық білімді дамытуда экологизация мәселе қарастырылды.

4.Биолог мұғалімдерді даярлауда биалуантүрлілік туралы білімді қалыптастыру жолдары. «Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясы» РҚБ «Халық» ЖҚ хабаршысы, ISSN 2518-1467 №4 (404)2023 Almaty, NAS RK, 131-142 б. (Авторлық бірлестікте Ибадуллаева С.Ж., Таженова С.К., Берденкулова А.Ж., Нағашыбаева П.Ж.) Мақалада болашақ биолог мұғалімдерді даярлауда биалуантүрлілік туралы білімді қалыптастыру жолдары қарастырылды.

5.Болашақ биология мұғалімдерін дайындау процесінде биоәртүрлілікті зерттеу. Ясауи Университетінің Хабаршысы, ISSN 2306-7365 №3 (129)2023. 253-267 б. (Авторлық бірлестікте Ибадуллаева С.Ж., Тавстуха О.Г.) Мақалада болашақ биология мұғалімдерін дайындау процесінде биоәртүрлілікті зерттеу жолдары қарастырылды.

6. Разнообразие растительности нефтедобывающих регионов Прикаспия. Экологический мониторинг и биоразнообразие материалы Всероссийской (с международным участием) научно-практической конференции 25-26 декабря 2018 года, г.Ишим Б 61-62. (Авторлық бірлестікте Ибадуллаева С.Ж., Ауезова Н.С.). Мақалада Каспий маңы мұнай өндіретін аумақтарында өсімдіктер биалуантүрлілігі қарастырылды.

7. Chemical indicators of soils of the Kazaly district. International Conference “Process Management and Scientific Developments” Birmingham, United Kingdom (Novotel Birmingham Centre, November 14.2019) стр 180-189. (Авторлық бірлестікте Ibadullayeva S.Zh., Tapalova A.S., Azhmoldayeva K.B. Докторанттың жарияланымды дайындауға қосқан үлесі 85%). Мақалада Қазалы ауданы аймағының топырақтың химиялық құрамы қарастырылды.

8. Биологиялық алуантүрлілік түрлері және оны сақтау жолдары. «Жоғары мектептердің ғылымы 2022» атты Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының материалдары I том. Шымкент -2022. Б 201-205.(Авторлық бірлестікте Ибадуллаева С.Ж., Тавстуха О.Г., Берденкулова А.Ж.) Мақалада биологиялық алуантүрлілік түрлері және оны сақтау жолдары қарастырылды.

9. Биалуантүрлілік негіздері (Қызылорда облысы материалдары негізінде)//Оқу құралы – Қызылорда: Жиенай баспасы, 2020. –74 б.

Бұл жарияланымдар докторанттың диссертация мазмұнына байланысты, алынған нәтижелерге сәйкес негізінен жеке орындаған еңбектер болып табылады.